

**ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «МИН ӘЛ-ӘСИЛӘТИӘЛ-ЛАМИЪАТИУӘ-ЛӘЖУИБАТИ ӘЛ-ЖАМИЪАТИ» ТРАКТАТЫНДАҒЫ ПАЙҒАМБАРЛАР МЕН ЕЛШІЛЕР ТУРАЛЫ**

<sup>1</sup>*Байтенова Нагима*, <sup>2</sup>*Абдулла Кызылжык*, <sup>3</sup>*Хаван Айдынгүл*

<sup>1,2</sup>*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)*

<sup>3</sup>*Стамбул университеті (Стамбул, Түркия)*  
*<sup>1</sup>zhanat52@mail.ru, <sup>3</sup>aidyngulk@gmail.com*

<sup>1</sup>*Baitenova Nagima*, <sup>2</sup>*Kizilcik Abdullah*, <sup>3</sup>*KhavanAidyngul*

<sup>1,2</sup>*Al-Farabi Kazakh national university (Almaty, Kazakhstan)*

<sup>3</sup>*Istanbul University (Istanbul, Turkey)*

*<sup>1</sup>zhanat52@mail.ru, <sup>3</sup>aidyngulk@gmail.com*

**Аңдатпа.** Мақала Әбу Насыр әл-Фарабидің «*Мин әл асиләти әл-ламиъати уә-л әл-ажуибати әл-жәмиъати*» – «Жарқыраған сұрақтар мен толымды жауаптардан» (ориг. *من الأسئلة اللامعة و الأجوبة الجامعة*) атты трактатына арналады. Алғаш рет ХХ ғасырдың ортасында (1951 ж.) әлемдік фарабитану ғылымына танылып, «Екінші ұстаз» еңбектерінің библиографиялық көрсеткіштері қатарына қосылған трактаттың бізге дейін жеткен жалғыз қолжазбасына (*Айя София/4855*) тарихи-деректанулық талдау жасалады. Трактаттың тақырыбы, құрылымы, мазмұны анықталады.

Сан қырлы ғылым саласын философия мен логикадан тарата зерттеген әл-Фарабидің көпсалалы теориялық ілімдерінің қатарында дінге қатысты көзқарастары өзіндік орынға ие. Әйгілі ортағасыр кезеңінде өмір сүрген ойшылдың дүниетанымдық көзқарастарының бір қыры антикалық ғылыми дәстүрде жатса, алтын дәуір (Шығыс Ренессансы) өмірге әкелген Құран, пайғамбарлық, мұсылман құқықтары сынды дін туралы ғылымның пайда болуы екінші жағынан зор әсер етті. Ғалымның Аристотель негіздеген *Ғылымдар жіктемесінің* мазмұнын Мұсылман Шығысында өзгеше өрбітуі де сол кездегі рухани мәдениеттің басты элементі болған діннің ғылым ретінде қалыптаса бастауымен тікелей байланысты болды.

Әбу Насыр әл-Фарабидің зерттеу нысанына алынып отырған «*Мин әл асиләти әл-ламиъати...*» трактаты бастан-аяқ Құранда аты аталатын пайғамбарлар мен олардың өмірлері туралы жазылған риуаяттардан құрылған. Мақалада Алла Тағала тарапынан жіберілген пайғамбарлар мен елшілер, олардың өмірлері туралы жеткен хадистер

\* Әл-Фарабидің ғылымдар жүйесінің қалыптасуына ішкі және сыртқы факторлар әсер етті. Сыртқы фактор антикалық ойшыл мұраларының, әсіресе Аристотель еңбектерінің араб тіліне аударылуы болса, ислам дінінің пайда болуымен бірге келген Құранға түсіндірме беру, пайғамбарлық, мұсылман құқығы (фиqh) т.б. ішкі фактор ретінде қабылданды. Екінші ұстаз Мұсылман Шығысында ғылымдар жіктемесін түзуде ақылға негізделген таным мен дінді басшылыққа алған ғылым арасынан барынша үндестік іздей отырып, ғылымның өзіндік бірегей жіктемесін қалыптастырды. **Ойшылдың «Ғылымдар жіктемесіндегі» (*Ихса-ул улум*) Мұсылман құқығы мен қалам ғылымына Аристотель классификациясында орын берілмеген.**

мен риуаяттар, сондай-ақ, ислам тарихында орны бар тарихи оқиғалар мен әр оқиғаға қатысты түсірілген Құран аяттарына Әбу Насыр әл-Фарабидің көзқарасы айқындалады.

**Түйін сөздер:** Әбу Насыр әл-Фараби, «*Мин әл асиләти әл-ламиәти...*» трактаты, пайғамбар, елші, Құран аяттары, Айя София кітапханасы.

### Кіріспе

Адамзат баласының тарихында Алла Тағаланыңжердегі елшісі ретінде жіберілген пайғамбарлардың өмірі мен бұрынғы өткен ұлттар мен ұлыстар, сондай-ақ, ислам тарихындағы елеулі орны бар оқиғалар туралы жазылған тарихи шығармалар – ортағасырлық араб тарихшысы ибн Жарир әт-Табаридің (923-938) «*Тарих әл-умәм уә-л мулук*» (Ұлыстар мен патшалар тарихы) еңбегі, ибн Тахир әл-Макдисидің (қ.б. 966/355 *хижри*) «*Китәбәл-буд уә ат-тарих*» (Бастау және тарих) және Исхақ әс-Саалабидің (961-1038) «*Қисас-ул анбиә*» (Пайғамбарлар қиссасы) еңбектерінің қатарына Отырарлық ғалым, ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-950) «*Мин әл асиләти әл-ламиәти уә ажуибати әл-жәмиәти*» – «Жарқыраған сұрақтар мен толымды жауаптардан» (ориг. *من الأسئلة اللامعة و الأجوبة الجامعة*) трактатын қосуға болады.

«Екінші ұстаздың» «*Мин әл асиләти әл-ламиәти...*» трактатының қолжазбасы Аюасофуа (Стамбул, Түркия) кітапханасында 4855 инвентарлық нөмірі бойынша сақтаулы. Трактат туралы алғаш рет түрік ғалымы Ахмед Атеш (*Ahmed Ateş*) (1917-1966) «Фараби шығармаларының библиографиясында» (*Farabi Eselerinin Bibliyografyasi, Belleten C. XV, 12. «el-Us'ulet el-lâmi'a ve 'l-ecvibet el-câmi'a»*). *Yazma*: Аюасофуа 4855 varak 64a-71b) жазды [1, 18 б.].

Араб фарабитанушы ғалымы Мұхсин Маһди (1924-2007) 1961 жылы «*Мин әл асиләти әл-ламиәти...*» трактатының қолжазбасына текстологиялық зерттеу жүргізіп, 1968 жылы Бейрут қаласында «*Дар-ул маириқ*» баспасынан «*Китаб әл-миллә уа нусус ухра*» – «Дін кітабы және өзге де мәтіндер» (ориг. *كتاب الملة و نصوص آخر*) деген атпен әл-Фарабидің бірнеше еңбегімен бірге жарыққа шығарды. Кітап 1991 жылы екінші рет баспа бетін көрді.

Трактаттың жалғыз қолжазбасы саналатын Аюасофуа нұсқасында көшірушінің аты-жөні, шығарманың көшірілген мерзімі туралы нақты дерек жоқ. Трактатты алғаш зерттеген ғалым Мұхсин Маһдидің айтуынша, қолжазбада *хижри* жыл санағы бойынша бірнеше мерзім көрсетілген: «... қолжазбаның 179-бетінде *хижри*дің 713-жылы, 200-бетінде 721, 290-бетінде 733-жыл, 23-шәууәл деп жазылған. Ал «*Мин әл 'аси'ләти...*» трактатын көшірушінің жазуы қолжазбадағы басқа шығармаларды көшірген адамдардың жазуына ұқсамайды. Және бұл трактат енген беттерде ешбір мерзім жазылмаған» [2, 6 б.].

Дегенмен, трактатты зерттеген ғалымдар нұсқадағы осы сандарға сүйене отырып, оның көшірілген мерзімін шамамен *хижри* 8 ғ. деп белгілейді.

М.Махди трактаттың қолжазбасын оқу барысында оның һижри 8 ғ. басы [2, 36 б.] десе, Торонто университетінің профессоры, ислам философиясына қатысты бірқатар еңбектердің авторы Михаил Мармура (*Michael Marmura*) (1929-2009) пайғамбарлар өмірі жайлы бұрынғы тарихи жазбалардан алынған, көп бөлімдері сұрақтардан тұратын шығарманың көшірілу мерзімі һижри 8 ғ. миләди 14 ғ. дейді [3, 15 б.]. Жазу түрі – насх. Трактат мәтіні қара сиямен, ал атауы, алғашқы бөлімдердің кейбір жолдары, тақырыпшалар қызыл сиямен көшірілген. «*Мин әл 'асиләти...*» трактаты «Жарқыраған сұрақтар мен толымды жауаптардан» деген атпен 2017 жылы тұңғыш рет қазақ тіліне аударылып, ғылыми айналымға енді [4].

### **Зерттеу әдіснамасы**

Зерттеу мақалада соңғы жылдары Отандық фарабитану ғылымындағы түбегейлі өзгерістер негізге алынып (әл-Фараби мұрасын зерттеп-зерделеудің соны бағыттарын қалыптастыру, ғалым шығармаларының қолжазбаларын жинау, еңбектерін түпнұсқадан тікелей аударып жариялау, ғылыми терминдерді анықтау, тұжырымдарын жаңаша дәйектеу т.б.), тарихи-салыстыру, тарихи-типологиялық, хронологиялық, герменевтикалық, деректанулық, мәтінтанулық бағыттағы зерттеу әдістері қолданылды.

### **Әбу Насыр әл-Фарабидің «Мин әл асиләти әл-ламиъати...» трактаты**

Ғалымның аталған трактаты шағын-шағын қырық екі бөлімнен тұрады. Трактаттың тақырыптық мазмұны тарихи шындыққа құрылған: шығарманың басында бұрынғы хәкімдер мен ілім иелерінен жеткен нақыл сөздер беріліп, одан кейінгі бөлімдерде елшілер мен пайғамбарлардың жіберілу мақсаты, «елші» мен «пайғамбар» сөздерінің айырмашылығы баяндалады. Әрбір бөлімі арнайы тақырыптарға бөлінген. Мұндағы бастапқы үш бөлім: 1 – «Әртүрлі сөздер» 2 , (أقوال متفرقة) – «Елшілердің хабарларын баяндайтын хикметтер» 3 , (حكم قصّ أنباء الرسل) – «Елші мен пайғамбар арасындағы айырмашылық» (الفرق بين الرسول و النبي) деп аталады.

Трактаттың төртінші және жиырма тоғызыншы бөлімдерінде Адам (ғ.с.) нан бастап соңғы пайғамбар әрі елші Мұхаммед (с.ғ.с) ке дейінгі Алла Тағаланың жерге елші етіп жіберген жиырма жеті пайғамбарының (Адам (ғ.с.), Ыдырыс (ғ.с.), Нұх (ғ.с.), Һұд (ғ.с.), Салих (ғ.с.), Ибраһим (ғ.с.), Лұт (ғ.с.), Исмаил (ғ.с.) және Ысқақ (а.с.), Жақып (ғ.с.), Жүсіп (ғ.с.), Айуб (ғ.с.), Шұғайып (ғ.с.), Илияс (ғ.с.), Әл-Йасағ (ғ.с.), Зул Кафил (ғ.с.), Ашмуил (а.с.), Дәуіт (ғ.с.), Сүлеймен (ғ.с.), Жүніс (ғ.с.), Ғұзайыр(ғ.с.), Яхия (ғ.с.), Закария (ғ.с.), Иса (ғ.с.) және Мұхаммад (с.ғ.с.) өмірбаяны баяндалады. Әр бөлімнің атауы әрбір пайғамбардың, елшінің атымен берілген. Тек, он бірінші бөлімде Исмаил (ғ.с.) мен Ысқаққа (ғ.с.) қатысты деректер бірігіп кеткен.

Трактаттың отызыншы бөлімі Харут, Марут (هاروت و ماروت) атты екі періштеге арналады. Отыз бірінші бөлімде Кәлиб (كالب) есімді салих басшы туралы баяндалады. Хазқиал (حزقيال) пайғамбарға отыз екінші бөлімі арналған. Отыз үшінші және қырық бірінші бөлімдерде «Кәһф иелері» (أصحاب الكهف), «Рақим иелері» (أصحاب الرقيم), «Піл иелері» (أصحاب الفيل), «Расс иелері» (أصحاب الراس), «Ухдуд иелері» (أصحاب الأخدود), «Даруан иелері» (أصحاب ضروان) туралы хабарлар берілген. Отыз сегінші бөлім «Лұқман» (لقمان), Отыз тоғызыншы бөлім «Зәу әл-қарнайн» (ذو القرنين), қырықыншы бөлім «Алланың Антакияға жіберген үш елшісі» (الرسالة الثلاثة الذين أرسلهم الله إلى أنطاكية) туралы баяндайды. Қырық екінші бөлім «Сәбә қауымы» (قوم سبأ) бөлімімен трактат аяқталған.

Трактаттың алғашқы бөлімі тәлім-тәрбиелік сипаттағы нақыл сөздерден тұратын «Ақуал мутафариққа» – «Әртүрлі сөздер (афоризмдер)» (لاوقا) деп аталады. Бөлім Құран Кәрімнің «Адамдар мен жындыларды өзіме ғибадат ету үшін жараттым» (Зарият сүресі, 56-аят) аятымен басталады. Одан кейін ғалым «мүмін» сөзіне тоқталып, мүмінді «Жебеушісіне бойсұнатын, дүниәуи нәрселерді ұнатпайтын, тақуалығын арттырумен айналысатын, сөзі зікір етуден тұратын адам» деп сипаттайды. Әл-Фараби «хәкімдер айтты», «тіл ғалымдары айтты», «былай айтылады», «тәпсірде былай айтылады» деген тіркестерді қолдана отырып, хәкімдер мен ғалымдардан жеткен нақыл сөздермен «Әртүрлі сөздер (афоризмдер)» бөлімін аяқтаған.

Трактаттың екінші бөлімі «Хикам қасса анбә ар-расул» – «Елшілердің хабарларын баяндайтын хикметтер» (حكم قصص أنبياء الرسل) деп аталады. Әл-Фараби елшілер мен пайғамбарлардың жіберілуін «Аллаһ Тағала өзінің елшісі Хатим ан-набиин – Мұхаммедке (с.ғ.с.) бұрынғы өткен елшілер мен пайғамбарлардың және бұрынғы ұлыстардың қиссаларын баян етуінде хикмет бар» екенін хәкімдердің айтқандарына сілтеме бере отырып түсіндіреді. Содан кейін пайғамбарлар қиссасының ең соңғы елші әрі пайғамбар Мұхаммедке (с.ғ.с.) баян етілуінде қандай хикмет бар екенін жеті топқа бөліп, әр хикметті Алла Тағаланың сөзімен түйіндеп отырады:

*Біріншісі* пайғамбарлығының білінуі мен жіберілгендігінің дәлелі үшін, себебі, ол өзіне дейінгілердің хабарларын Жебрейіл (Алланың салауаты болсын!) арқылы Алла Тағаладан басқа ешкімнен үйренген жоқ.

*Екіншісі*: көңілін орнықтыру үшін – *А'ззә уә Жәлләнің*\* сөзі: «(Мұхаммед ғ.с.) саған пайғамбарлардың қиссасын көңіліңді орнықтыру тұрғысынан баян етеміз» (һүд сүресі, 120).

*Үшіншісі*: зікірі мен дәрежесін айқындау үшін – *А'ззә уә Жәлләнің* сөзі: – «Мұхаммад (ғ.с.) өстіп, саған кейбір болып өткен уақиғаларды баян етеміз. Сондай-ақ, саған өз қасымыздан Құранды бердік» (Таһа сүресі, 99).

*Төртіншісі*: үмбетінен шыққан ақыл иелеріне өнеге болуы үшін – Алла Тағаланың сөзі: «Әрине, пайғамбарлардың қиссаларында ақыл иелері үшін өнеге бар» (Юсып сүресі, 111).

<sup>1</sup> *عَزَّ وَجَلَّ* *А'ззә уә Жәллә* – Алла Тағаланың теңеулерінің бірі, Даңқ, Құрмет деген мағынада.

*Бесінші:* пайғамбарлардың ахуалдарын *уахи*<sup>1</sup> арқылы білгенін хабарлау үшін – *А'зза уә Жәлләнің сөзі: «(Мұхаммад ғ.с.) міне бұлар білінбеген әңгімелерден. Оны саған уахи етеміз. Бұдан бұрын оны сен де, қауымың да білмейтін еді»* (Һұд сүресі, 49).

*Алтыншы:* Алла Тағала елшілер мен салих пайғамбарлардың лайықты мінез-құлықтары Мұхаммедке (с.ғ.с.) игі өнеге, дұрыс үлгі болу үшін қиссаларды баян етті.

*Жетінші:* Оған және оның үмбетіне нығметтер жайында баян ету үшін – *А'зза уә Жәлләнің сөзі – «...сендерге көрнеу, көмес нығметтерін толықтастырды»* (Лұқман сүресі, 20). Көрнеу нығметтер – шарифаттардың жеңілдіктері, ал, көмес нығметтер сауаптардың еселенуі» [5, 406.].

Әбу Насыр әл-Фараби исламдағы пайғамбар мен елшінің бойында болуы тиіс асыл қасиеттерді (пайғамбарлығының білінуі мен жіберілгендігі, көңілін орнықтыруы, зікірі мен дәрежесін айқындауы, үмбетінен болған ақыл иелеріне өнеге болуы, пайғамбарлардың ахуалдарын уахи арқылы білуі, елшілер мен салих пайғамбарларға лайықты мінез-құлыққа ие болуы, оған және оның үмбетіне нығметтерді баян етуі) санамалай келе, Алланың жердегі елшісі – пайғамбар мен елшіге тән ортақ және өзіндік ерекшелік мәселесіне қарай ойысады.

Трактаттың «*Әл-фарқ байна ар-расул уа ан-наби*» – «Елші мен пайғамбар арасындағы айырмашылық» (*الفرق بين الرسول و النبي*) деп аталатын үшінші бөлімі төрт бөлімнен тұрады. Әл-Фараби пайғамбар мен елшінің айырмашылығын «...елші (*расул*) шарифат иесі (шариф), ал пайғамбар (*наби*) өзінен басқаның шарифатын (хафиз шарифата ғайриһи) сақтаушы. Елші адамзат пен періштеге ортақ» [5,416.] – деп саралай келе, елшілерді жіберудің (*ирсәл-у русул*) пайдасы – шарифатты таныту (*мағрифату аш-шарифа*), ал кітаптарды түсірудің (*инзәл-у кутуб*) пайдасы – Хаққа ғибадат етуді (*мағрифату-л 'ибадату-л-ил Хаққ*) таныту екеніне тоқталады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің пайғамбарлар мен елшілер туралы баяндайтын «*Мин әл 'аси'ләти...*» трактатының «Елші мен пайғамбар арасындағы

<sup>1</sup> *уахи* – Алла Тағаланың пайғамбарларға жіберген аяны. Уахи анық етіп жіберілген. Соңғы пайғамбар Мұхаммад(с.а.с.) қырық жасқа келген уақытта оған *уахи* түсе бастаған. Соның нәтижесінде Құран аяттары түсіп, ислам діні таратылды. Уахи немесе ру'йә иләһиә (құдайылық аян) – грек философиясында кездеспейтін түсінік. Сол себепті, әл-Фараби мұсылман діні өкілі ретінде пайғамбарлық пен пайғамбарлар арқылы жүзеге асатын уахи, му'жиза ұғымдарына қатысты әртүрлі түсіндірмелер жасауына тура келді. Ойшыл үшін пайғамбарлық елестету және «әрекетшіл ақыл» ('ақл мунфа'ил) арқылы жүзеге асады. Ал ислам дініндегі тек пайғамбарлар ғана көрсете алатын му'жизаны әл-Фараби рационалдық жолмен түсіндіруге тырысады. Сонда әл-Фарабидің пайғамбарлық туралы теориясының мәні – философ та, пайғамбар да «әрекетшіл санамен» («'ақл мунфа'ил») байланыса алатын таңдаулы, яғни «хасса» адамдар, ал ол екеуінің арасындағы бірден-бір айырмашылық – философ бұл байланысқа терең ойлану мен теориялық ойлау – пайым арқылы, ал пайғамбар – елестету күші арқылы қол жеткізеді дегенге саяды. **Дегенмен, әл-Фараби ұсынған философияның пайғамбармен теңесу мүмкіндігі идеясы ислам әлемінде қабылдана қоймады.**



айырмашылық» атты бөлімінде ғалым «әл-‘азм» (العزم – төзімділік»), «әл-ирәдә»(الإرادة – қалау), «әл-қасад» (القصд – мақсат), «әл-фи‘л» (الفعل – іс-әрекет), «ән-ниа» (النية – ниет) сынды діни-философиялық ұғымдардың лексикалық мағынасын түсіндіре отырып, олардың терминдік тұрғыдан бірі-бірі толықтыратынын айтады: «әл-‘азм» (төзімділік)іс-әрекеттің істеушісі сен екенін жүректің бекітуі (ақада алаһи ал-қалб). «Әл-‘азм» «әл-қасадпен»(мақсатпен) қарама-қайшылыққа түскенде «әл-‘азм» «әл-фи‘лдың» (іс-әрекеттің) алдында тұрады әрі іс-әрекетке қатысы бар қалау болып шығады. Өйткені, мақсат іс-әрекетпен бірдей болады (яғни адамның мақсаты қандай болса, іс-әрекеті де сондай). Соған сәйкес «ән-ниа» да (ниет) «әл-фи‘лмен» (іс-әрекетпен) бірге емес, одан бұрын жүреді (яғни адам баласы қалай ниет етсе, іс-әрекеті де соған сай болады). «Төзімділік» бір нәрсені істеуге деген қалау және оны (төзімділікті) ұстап тұра білу. Құрандағы فَأَصْبِرْ «*«Мұхаммед с.ғ.с.) пайғамбарлардан майталмандар (сабыр еткендей сабыр ет!)»*» (Ахқаф сүресі, 35) аятындағы «майталмандар» дегенге келетін болсақ, бір риуаятта оларға жеті пайғамбарды жатқызады. Олар: Нұх (а.с.), Ибраһим (а.с.), Исхак (а.с.), Әйюб (а.с.), Жақып (а.с.), Жүсіп (а.с.), Шұғайып (а.с.). Тағы бір риуаятта төртеуін атайды: Нұх(а.с.), Һүд(а.с.), Ибраһим (а.с.) және Мұхаммед (а.с.). Енді бір риуаятта бес пайғамбардың атын атайды – Нұх (а.с.), Ибраһим(а.с.), Мұса (а.с.), Иса (а.с.), Мұхаммад (а.с.)» [5,42 б.]. Бұл жерде әл-Фараби шынайы жүректе болатын бес түрлі «сипат» (әл-‘азм», «әл-ирәдә», «әл-қасад», «әл-фи‘л», «ән-ниа») арқылы пайғамбарлар бойында кездесетін «сабырлылық» «төзімділік», «ұлық болу», «мықты рухқа ие болу» қасиеттерін түсіндірген.

Әбу Насыр әл-Фараби «Мин әл ‘аси ‘ләти...» трактатында қолданған «улұл а ‘зм» (أولو العزم – төзімді) тіркесі Құран Кәрімнің бірнеше аятында кездеседі. Бұл тіркес Алланың «айрықша қасиетке ие», «төзімділік пен сабырлылықтың» үлгісін бере білген ерекше, ұлық пайғамбарларға берілген сипат. Х. Алтайдың «Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігінде» бұл тіркесті «...майталмандардан...» (Ақхаф, 35), «...төзімді...» (Таһа, 115) деп береді. Мысырлық философ Ридаа ад-Дақиқи бұл туралы былай дейді: «Көпшілік ғалымдар Құранның кейбір аяттарына сүйеніп, осы пайғамбарлардың ішіндегі бесеуін «улұл а ‘зм» деп сипаттайды[6, 9 б.].

Бұл туралы Алла Тағала өзінің қасиетті аятында:

﴿وَإِذْ أَخَذْنَا مِنَ النَّبِيِّينَ مِيثَاقَهُمْ وَمِنكَ وَمِنْ نُوحٍ وَإِبْرَاهِيمَ وَمُوسَىٰ وَعِيسَىٰ ابْنِ مَرْيَمَ وَأَخَذْنَا مِنْهُم مِّيثَاقًا غَلِيظًا﴾

«(Мұхаммад (с.ғ.с.) сол уақытта, пайғамбарлардан уәде алған едік. Сенен, Нұх, Ибраһим, Мұса және Мәрием ұлы Ғиса (ғ.с.) лардан, олардан берік уәде алған едік» (Ахзап, 7)», деп келтіреді.

Пайғамбарлардың ішіндегі «улул а'зма» ға қатысты аяттар Құран Кәрімнің «Ахқаф», «Таһа» сүрелерінде де кездеседі.

{فَاصْبِرْ كَمَا صَبَرَ أُولُو الْعُرْمِ مِنَ الرُّسُلِ }

«...пайғамбарлардан майталмандар сабыр еткендей сабыр ет» (Ахқаф сүресі, 35).

Және

{وَلَقَدْ عَهِدْنَا إِلَى آدَمَ مِنْ قَبْلِ فَتَسِيٍّ وَلَمْ تَجِدْ لَهُ عَزْمًا }

«Рас бұрын Адамға үкім берген едік. Алайда, ол ұмытты. Оны төзімді таппадық» (Таһа, 115).

Ал «Сафуату әт-тәфасир» (Таңдамалы тәпсірлер) атты еңбекте бұл аятты:


« فَاصْبِرْ كَمَا صَبَرَ أُولُو الْعُرْمِ مِنَ الرُّسُلِ » (اي فاصْبِرْ يا محمد علي آذي المشركين كما صبر مشاهير الرسل الكرام و هم ومن نوح وإبراهيم وموسى وعيسى)

«Пайғамбарлардан майталмандар сабыр еткендей сабыр ет» яғни Мұхаммад! Мүшіріктердің залалына мәшһүр болған мәртебелі елшілер сабыр еткендей сабыр ет, олар «Нұх, Ибраһим, Муса, Иса» [7, 56 б.] деп тәпсірлейді.

Алла Тағала тарапынан жіберілген хақ дінді дәріптеуші елшілердің ішінде кез-келген сынаққа асқан төзімділік пен сабырлылық көрсетіп, мықты рух иелері бола білген Нұх (а.с.), Ибраһим (а.с.), Мұса (а.с.), Иса және адамзат баласының ардақты елшісі әрі соңғы пайғамбары Мұхаммад (с.а.с.) сынды пайғамбарлардың «улул а'зм» сипатын Әбу Насыр әл-Фараби жете түсінген.

Әбу Насыр әл-Фараби трактаттың екінші және үшінші бөлімінде елші мен пайғамбар арасындағы айырмашылықты түсіндіріп болғаннан кейін, бөлімнің төртінші бөлімінен бастап жиырма тоғызыншы бөліміне дейін Құранда аттары аталатын пайғамбарлардың өмірі мен олардың әрқайсысының ерекше қасиеттері, мұғжизалары туралы баяндауға көшеді.

Кесте – 1. Әбу Насыр әл-Фарабидің «Мин әл 'аси 'ләти...» трактатының Аия София қолжазбасы, 62 Б (4855)



## Құран Кәрімде аты аталған пайғамбарлар

Құран Кәрімде 25 пайғамбардың (*Ыбырайым, Ысхақ, Яқұб, Нұх, Дауыт, Сүлеймен, Әйүп, Юсып, Мұса һарун, Зәкәрия, Яхя, Гиса, Ияс, Ысмайыл, Әлясағ, Юныс, Лұт, һуд, Салих, Шұғайып, Адам, Ыдырыс, Зүлкәфил Мухаммад*) аты аталады. Әбу Насыр әл-Фараби «*Мин әл 'аси'ләти...*» трактатында олардың жиырма төртіне тоқталады. Тек, *Һарун* (ғ.с.) туралы хабар трактатта кездеспейді. Сонымен қатар, мұнда Қыдыр (ғ.с.), Ашмуил (ғ.с.), Ғұзайыр (ғ.с.), Хазқиал (ғ.с.) пайғамбарлар жайындағы хабарлар берілген.

Әбу Насыр әл-Фараби аталған трактатының «**Адам (ғ.с.)**» атты бөлімінде Мұхаммед пайғамбардың «Алла Тағала Адамды (ғ.с.) өзінің бейнесінде жаратты» деген сөзінің мағынасын түсіндіреді: «Адам (ғ.с.) Алла Тағаланың: 31) *وَلَقَدْ خَلَقْنَا الْإِنْسَانَ مِنْ سُلَالَةٍ مِنْ طِينٍ (٢١) ثُمَّ جَعَلْنَاهُ نُطْفَةً فِي قَرَارٍ مَكِينٍ (31)* «*Расында адамды нағыз балшықтан жараттық. Сонан кейін оны жатырда тұратын тамшы қылдық*» (*Мүминұн сүресі, 12-13 аят*) аятында айтылғандай, адамзат баласы сияқты анасының құрсағында болып, өмірге келіп, балалық шақ, ержеткен шағын басынан өткізбеді дегені» [5, 41 б.].

Трактаттың «**Ыдырыс (ғ.с.)**» атты бөлімінде әл-Фараби былай деп жазады: «Қаламмен алғаш жазу жазған және киім тіккен Ыдырыс еді. «Ыдырыс» деп Алла Тағаланың кітабын көп оқығаны үшін берілген. Ол кітаптар Адам (ғ.с.) және Шииске (ғ.с.) түсірілген парақтар болатын. Оның есімі Ахнух еді – [Шиис ибн Адам (ғ.с.) ұрпағы – Алла Тағала оны Адамның (ғ.с.) шарифатымен Қабылдың әулетіне иманға шақыру үшін жіберді. Олар кәпір болатын]. Ыдырыс көктің төртінші қабатына көтерілді, кейбір еңбектерде «алтыншы қабатқа» деп те айтылады. Ол мүміндердің балаларының рухымен бірге жәннатта деп айтылады» [5, 42 б.].

«**Нұх (ғ.с.)**» бөлімінде былай дейді: «Нұх пайғамбарлардың шейхы [Ахнұхтың ұрпағы] – «Нұх» аталуының себебі бір оңаша уайымға салынып, көп жылағаны үшін еді. Нұхтың кемесі суда алты ай қалды. Алғашқы бір айы Ережеп айының оныншы жұлдызы болса, соңғы мерзімі «*Ал-ашура*» күні. Нұхтың шарифаты қалпына келтірілген. Шиистің ұрпақтары жақсы амалдардың бәрін тәрк етіп, Қабыл ұрпақтарының жолымен азғындады. Алла Тағала оларға Нұхты (ғ.с.) жіберді» [5, 43 б.].

«**Һуд (ғ.с.)**» атты бөлімде: «Һудты (ғ.с.) [Нұхтың ұрпағы] Алла Тағала Нұхтың шарифатымен тура жолдан тайған өзінің қауымына жіберді» деген мәлімет беріледі [5, 44б.].

«**Салих (ғ.с.)**» атты бөлімде: Салихты [Нұхтың ұрпағы] Алла Тағала Сәмуд тайпасына жіберді [өйткені, олар Алланың әміріне қарсы келіп, Алладан басқа нәрсеге табынатын еді. Оларға көптеген мұғжизалалар жіберсе де, сенбеді] – «Сәмуд» аталуының себебі суға тапшы болғаны үшін еді. «Әс-сәмд» – «аз су» деген мағына береді» [5, 45 б.].

«**Ибраһим (ғ.с.)**» атты бөлімде: «Ибраһим әл-Хәлилдің «*халил*» аталуы құлшылықта Хақтың әміріне ықыласпен тағзым етуінен және адамдардың



жағдайын қонақжайлықпен жақсартуынан еді [ол Сәм ибн Нұх ұрпағы]. «Халил» аталуы төрт нәрсеге байланысты еді: өзін оттан, жүрегін әр-Рахманнан (Алла Тағала), баласын құрбандықтан, дүниесін бауырларынан аямауы. Алла Тағала оны Нәмруд ибн Кәуш ибн Ирм ибн Сәм ибн Нұхқа және қауымына жіберген, олар пұттарға табынушылар еді» [5, 46 б.].

«**Лұт (ғ.с.)**» атты бөлімде: «Лұт – арабша есім. Түбірі «*әл-лаут*» (жабысу, байлану), «*әл-лазуқ*» (жабыстырғыш). «Лұт» аталуының себебі – оның махаббаты Ибраһимнің (ғ.с.) жүрегіне байланған еді. Хадисте келгендей «жүрегімен жабысқан бала». Ол ибн Наран ибн Тарих ибн ахи Ибраһим (Ибраһимнің ағасының ұлы). Алла Тағала Лұтты (ғ.с.) Йордания жақтағы «*Му'тафикат*» деп аталатын бес қалаға жіберген еді. Лұт пайғамбарға қауымы сенбеді. Жаман әдеттерінен арылмады» [5, 46 б.].

**Исмаил (ғ.с.) мен Исхақ (ғ.с.)** бөлімі: «Құрбандыққа шалынған «Исхақ» дейді, кейбіреулері «Исмаил еді» дейді. Анығы «Исмаил». Өйткені Мұхаммед (с.ғ.с.) «*әнә ибн әз-зәбихәйни*» (мен екі құрбандықтың ұлымын) деп айтты. Мұхаммед (с.ғ.с.) Исмаил нәсілінен еді. Ал екінші құрбандық Мұхаммедтің (с.ғ.с.) атасы Әбду Мутталибтің нәзір етуі бойынша пайғамбардың әкесі Абдуллаһ болатын» [5, 47 б.].

«**Йақуб (Жақып) (ғ.с.)**» бөлімі: Оның тегі Йақуб ибн Исхақ еді. Ол Йақуб Исраил деп аталды, себебі, «*әл-иср*» еврей тілінде құл деген сөз. «*Әли-ил*» Алла Тағала есімдерінің бірі, сонда мағынасы «Абдуллаһ – Алланың құлы» болып шығады» [5, 48 б.].

**Жүсіп (ғ.с.)** бөлімі: «Жүсіп еврейше есім. Кейбір ғалымдар «арабша есім» деп айтады. Яғни арабтардың «*هفسأ*» «оны кейітті», «*هبضعأ*» «ашуландырды» сөзінен келіп шыққан болуы керек дейді. Алла Тағала айтты: «*Сөйтін олар бізді кейіткен кезде, олардың тиісті жазасын бердік...*» (Зухруф сүресі, 55)» [5, 49 б.].

«**Айуб (ғ.с.)**» бөлімі: «Айуб Исхақ нәсілен еді. Ол Ибраһим шарифатымен келді, тегі румелінен. Алла Тағала оны Шам жеріне жіберді» [5, 49 б.].

«**Шұғайып (ғ.с.)**» бөлімі: «Шұғайып ибн Нуайб, ибн Анқа, ибн Мәдиэн, ибн Ибраһим (ғ.с.). Алла Тағала оны Мәдиэн тұрғындарына жіберді, Мәдиэн – ну ағаштар мен төбешіктердің арасында еді. Егер Алланың елшісі Шұғайыпты еске ала қалса болды «ол пайғамбарлардың шешені» дейтін еді деген риуаят бар [5, 49 б.].

«**Муса (ғ.с.)**» бөлімі: «Мусаның тегі туралы айтылды: ол ибн Имран ибн Йашур ибн Фаһис ибн Ләуий ибн Йақуб – (тағы бір) риуаятта Қаһас дейді. Муса (ғ.с.) ағасына пайғамбарлық келуін тілеген еді. Тілегі орындалды. Ал Мұхаммед (с.ғ.с.) өзінің немере ағасына иман тілеген еді.. Мұның баяны (түсінігі) не?]. Алла Тағаланың ілімінде Нарун пайғамбарлардан еді және ол Муса (ғ.с.) дұғасымен орындалды. Ал Оның ілімінде Әбу Талиб мүмін емес еді – Алла Тағаланың сөзі: «(Мұхаммед с.ғ.с.) *расында жақсы көргендеріңді тура жолға сала алмайсың. Бірақ, Алла кімді қаласа, оны тура жолға салады*» (Қасас сүресі, 56)» [5, 50 б.].

«**Хыдыр (ғ.с.)**» бөлімі: «Хыдыр» аталуының себебі – ол намаз оқыған сәтте айналасындағы нәрселердің бәрі жап-жасыл болып кететін. Муса (ғ.с.) қайтатын уақыты келген кезде әл-Хыдырға «маған өсиет айт» деді. Әл-Хыдыр Мусаға: «көп дауласпа, қажетсіз жерге барма, таңқалмайтын нәрсеге күлме, қателік жасағандарға дөрекі болма, ей, ибн Имран» деді» [5, 50 б.].

**Ілияс (ғ.с.)**» бөлімі: «Ілияс (а.с.) харун (а.с.) нәсілінен еді. Ілияс (ғ.с.) теңіздерге жіберілді, әл-Хыдыр шөл далаларға жіберілді. Екеуіне сүр үрленгенге дейін мәңгілік өмір берілді. Жыл сайын маусым күндері екеуі кездесетін еді, оларды кейбір салих адамдар көрген-мыс. Ілиясқа (ғ.с.) қауымы бойсұнбаған соң, оларды тастап, биік тауды паналады. Алла Тағалаға құлшылық жасаумен болды. Өсімдіктермен, ағаштың жемістерімен қоректенді. Онда бес жылдан астам тұрды» [5, 51 б.].

«**Әл-Йасағ (а.с.)**» бөлімі: «Әл-Йасағ Ілияс (ғ.с.) үңгірге кіргенге дейін оның шәкірттерінің бірі еді. Ілияс (ғ.с.) оған суфтан (жібек) киіп беріп, қауымына халиф етіп тағайындады. Сөйтіп хайуанға мінді де, ғайып болды. Әл-Йасағ қауымына барып, оларды Аллаға құлшылық етуге шақырды» [5, 52 б.].

«**Зү-л-кәфл (ғ.с.)**» бөлімі: «Йасағтың (ғ.с.) қайтатын уақыты жақындаған кезде Ілиястың (ғ.с.) құлшылығы мен дағуатының міндеттерінде әмір еткеніндей, өзінен кейін Зү-л-кәфлді қалдырды. «Зү-л-кафл» аталуының себебі, ол әл-Йасағтан өз ілімін міндеттеп алған еді. Оның міндеті «күндіз ораза ұстау», «түнде жатпай адамдардың арасында болу», «ашуланбау» және «асықпау» еді [5, 53 б.].

«**Дәуіт (ғ.с.)**» бөлімі: «Дәуіт Йәһуда ибн Йақубтың ұрпағы еді. Алла Тағала Дәуітке (а.с.) пайғамбарлық, хикмет және патшалық берді. Тағала Дәуіт (ғ.с.) тәспі тартса, онымен бірге қосылып мадақ айтқан тауларды, құстарды Дәуітке бағындырды. Оған жағымды дауыс пен темір илеу өнерін үйретті (сауыт жасау өнері – өз еңбегімен тапқанды ғана жейтін еді). Дәуітке (ғ.с.) еврей тілінде жүз елу сүреден, уағыз бен хикметтен тұратын Зәбүрді түсірді» [5,54 б.].

«**Сүлеймен (ғ.с.)**» бөлімі: «Сүлеймен ибн Дәуіт Дәуіттен (ғ.с.) де ұлық патша, одан да әділ қазы болды. Ал Дәуіт (ғ.с.) Сүлейменнен (ғ.с.) де күшті құлшылық иесі еді [5, 54 б.].

«**Жүніс (ғ.с.)**» бөлімі: «Иса ибн Мәриәм (Мәриям ұлы Иса) мен Йунус ибн Мәттәдан (Мәттә ұлы Жүніс) басқа ешбір пайғамбар анасының тегімен аталмайды. Оның қауымында кім жалған сөйлесе өлім жазасы кесілетін болған. Жүніс (ғ.с.) өзінің қауымына жеткізген азап айтқан уақытында келмеген соң, өзін өлтіре ме деп қорқып әрі қауымына ренжіп кетіп қалған еді. Өз қауымына сабырсыздық танытып, олардан жасырынған еді. Алла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.) былай деді: «*Балық иесі (Юныс F.C.) құсама*» (Қалам сүресі, 48)».

«**Ғұзаир (ғ.с.)**» бөлімі:«Ғұзаир «*Бәйту-л Муқаддас*» ауылдарының біріне есегімен келіп жеткен соң (өзімен бірге торсықта сусыны, жүзім, інжір салған себеті болған еді) есегінен түскенде, ауыл тұрғындарының

жан тапсырғандарын көрді. Ғұзаир (ғ.с.) «Алла бұны өлгеннен кейін қайтып тірілмеді?» (Бақара сүресі, 259) деді. Мұнда ол Алланың үкіміне қарсы келіп емес, тек Алла Тағаланың оған өліні қалай тірілтетінін көрсеткенін қалады – оның сөзі «әннани» яғни «қалай» дегені – «Алла оны жүз жыл өлтіріп, сосын тірілтті» (Бақара сүресі, 259).

**Зәкәрия (ғ.с.)**» бөлімі: «Зәкәрия әкесі Азан болды – Йақуб ибн Мәсән мен Имран ибн Мәсән бәну Исраил патшалары ұрпақтарынан еді – олар (Йақуб ибн Мәсән мен Имран ибн Мәсән) Бабыл жерінен *Бәйту-л муқаддасқа* оралғаннан кейін Алла Тағала оны бәни Исраилге жіберді».

**Йахиа (ғ.с.)**» бөлімі: «Йахия» аталуының себебі, «анасының жатырына жан бітірді» дегені, анасы бедеу еді. Мәриам Йахияның нағашы тәтесінің қызы. Йахия (ғ.с.) Исадан (ғ.с.) алты ай үлкен еді. Жастайынан пайғамбар болған төрт адам бар: Жүсіп (ғ.с.), Сүлеймен (ғ.с.), Йахия (ғ.с.) және Иса (ғ.с.)».

**Иса (ғ.с.)**» бөлімі: «Иса ибн Мәриям бинт Имран ибн Мәсан (Сүлеймен ибн Дәуіттің ұрпағы) «*мәсих*» деп аталды. Себебі, «Иса (ғ.с.)» қолымен сипау арқылы дауасы жоқ ауруларды жазатын еді. Алла Тағала Исаға (ғ.с.) хикмет пен Тәуратты ана құрсағында жатқанда үйреткен еді. Иса (ғ.с.) «*Кәлимулла*» яғни «Алланың сөзі» деп аталды. Себебі Иса (ғ.с.) осы сөзбен жаратылды. Ол сөз Алланың: «бол!» (Мариям сүресі, 35) сөзі. Алла Тағала оны «...*әрі Мәриямға жалғастырған...*» (Ниса сүресі, 171) сөзімен жаратты».

**Мұхаммад (с.ғ.с.)**» бөлімі: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тегі Мұхаммад ибн Абдуллаһ ибн Абду-л Мутталиб ибн Нашим ибн Абдумунаф ибн Қусса бин Киләб ибн Мәррә ибн Кағб ибн Луий ибн Ғалиб ибн Фаһр ибн Мәлик ибн ән-Надр ибн Кәнәнә ибн Хазима ибн Мударикә ибн Илияс ибн Мадр ибн Мағдд ибн Аднан ибн Әдд ибн Әдәд ибн әл-Һәмисә ибн Йашжәб ибн Бинт ибн Хәмәл ибн Қайдар ибн Ишмуил ибн Ибраһим. Алла Тағала Мұхаммедті (с.ғ.с.) айқын жолмен, өткір қылышпен жіберді» [5, 55 б.].

### Қорытынды

Әбу Насыр әл-Фарабидің ислам діні тарихындағы Алла Тағаланың жердегі елшілері мен ардақты пайғамбарларының өмірбаяны баяндалатын «*Мин әл асиләти әл-ламийәти...*» (Жарқыраған сұрақтар мен толымды жауаптардан) трактатында ғалымның ислам дініне, пайғамбарлық мәселесіне деген көзқарасы айқын көрініс тапқан. *Араб Халифатының гүлдеген дәуірінде өмірге келген бұл шығарманың пайғамбарлар тарихына* (пайғамбардың өмірі, оларға қатысты тарихи оқиғалар, мұғжизалары) арналған бөлімдері ғалымның ислам дінінің білгірі, терең ілім иесі екенін дәлелдей түседі.

Қорыта келе, Отырарлық ғалым, ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің «*Мин әл 'аси 'ләти...*» трактатын ортағасырлық ғалымдар ибн Омар ибн әл-Уақәди (747-823), ибн Жабир әл-Бәләзури (820-892), ибн Жәрир ат-Табари (839-

923), ибн Саъд әл-Бағдади (784-845), Әбул Хасан әл-Мәсьюди (896-975), ас-Саълаби (?-1035), ибн әл-Әсир (1132-1160) сынды ислам тарихындағы ең алғашқы тарихи еңбектердің авторлары мен ірі ислам тарихшыларының ислам тарихы мен пайғамбарлардың өміріне арналған жазба мұраларының қатарына қосылған, пайғамбарлар өмірі жайында баяндайтын еңбек деп бағалауға болады.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Ahmed Ateş. Fârâbî'nin Eserlerinin Bibliyografyası. Belleten. – Анкара, С. XV.(57) 120. 1951.– P. 15-18.
- 2 Mahdi Muhsin. Al-Farabi's Kitabu-l Beirut milla ua nusus uhra. – Beirut: Daru-l mashryq, 1991. – 147 p.
- 3 Michael Marmura. University of Toronto // Journal of Near Eastern Studies. Vol. 29. N1.
- 4 Әбу Насыр әл-Фараби. Саясат жайлы трактат. (ауд. – Хаван А.) – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 169б.
- 5 Әбу Насыр әл-Фараби. Жарқыраған сұрақтар мен толымды жауаптардан. (ауд. – Хаван А.) – Астана: Өрнек баспасы, 2017. – 127 б.
- 6 Ридаа Мухаммад Хусейн ад-Дақиқи. Ат-тассаур әл-фалсафи ли нашаати ал-каун. – Каир: -1994. – С.200.
- 7 Safuatu at-tafasir. [Selected Tafsir] Бейрут, 1981.  
Архив деректері.  
Айя София қолжазбасы (4855)

### Transliteration

- 1 Ahmed Ateş. (1951). Fârâbî'nin Eserlerinin Bibliyografyası [Bibliography of Farabi's Works]. – Ankara, С. XV, – S. 57, 195.
- 2 Mahdi Muhsin (1991). Al-Farabi's Kitabu-l Beirut milla ua nusus uhra. [The Book of Religions and Other Texts]. – Beirut: Daru-l mashryq, – 147 p.
- 3 Michael Marmura. University of Toronto // Journal of Near Eastern Studies. Vol. 29. N1.
- 4 Abu Nasir al-Farabi. Sayasat jaylı traktat [Treatise on Politics] (district - Khavan A.). – Алматы: Kazakh University, 2020. – Art. 169.
- 5 Abu Nasir al-Farabi. Jarqırağan suraqtar men tolımdı jawaptardan [From Brilliant Questions and Comprehensive Answers]. (district - Khavan A.). – Астана: Ornek baspası, 2017. – P. 127.
- 6 Ridaa Muhammad Hussein al-Dakiki. At-tassaur al-falsafi li bashaati al-kaun. – Cairo, – 1994.
- 7 Safuatu at-tafasir. Beirut, 1981.

#### Archive Sources

The Ayasofya manuscript (4855)

**Байтенова Н.Ж., Абдулла Кызылжык, Хаван А.**

**О пророках и посланниках в трактате Абу Насра аль-Фараби «Мин ал-асилати ал-ламиъати уа ал-ажуибати ал-жамийати»**

**Аннотация.** Статья посвящена трактату Абу Насра аль-Фараби «Мин ал асилати ал-ламиъати уа ал-ажуибати ал-жамийати» – «Из блестящих вопросов и собранных ответов» (ориг: *من الأسئلة اللامعة و الأجوبة الجامعة*). Был проведен историко-источниковедческий анализ единственной сохранившейся рукописи трактата (Айя София/4855), впервые признанной в науке фарабиедения и вошедшей в библиографический указатель трудов «Второго Учителя» в середине XX века (1951 г.). Определены тема, структура и содержание трактата.

Религиозные взгляды Абу Насра аль-Фараби занимают особое место среди разноплановых теоретических учений аль-Фараби, изучавшего многие области науки и берущие свое начало от философии и логики. Если один аспект мировоззрения мыслителя, жившего в средневековый период, заключается в античной научной традиции, с другой стороны, большое влияние на его взгляды оказали науки о религии, такие как Коран, пророчества, мусульманское право, которые появились в Золотом веке (Мусульманский Ренессанс).

Разработанная аль Фараби классификации наук, основанная на классификации Аристотеля, имела свои особенности и это было связано с тем, что на мусульманском Востоке было непосредственно связано с началом формирования религии как науки, которая была основным элементом духовной культуры того времени.

Трактат «*Мин ал асилати ал-ламиъати...*» который мы взяли в качестве объекта исследования, основан на повествованиях написанных о пророках и их жизни в Коране. В статье уточняются взгляды Абу Насра аль-Фараби о пророках и посланниках Аллаха, хадисах и повествованиях об их жизни, а также исторических событиях в истории ислама и аятах Корана, связанных с конкретными событиями.

**Ключевые слова:** Абу Наср аль-Фараби, трактат «*Мин ал асилати ал-ламиъати...*», пророк, посланник, Коранические аята, Библиотека Аия София.

***Baitenova Nagima, Kizilcik Abdullah, Khavan Aidyngul***

**About Prophets and Messengers in The treatise of Abu Nasr al-Farabi "Min Al-Asilati Al-Lamiati wa Al-Azhuibat al-Zhamiati"**

**Abstract.** Article is devoted to the treatise by Abu Nasr al-Farabi «*Min al-asilati al-lamiati wa al-azhuibati al-zhamiati*» - «From Brilliant questions and Comprehensive answers» (orig. من الأسئلة اللامعة و الأجوبة الجامعة). A historical and source study analysis was carried out of the only surviving manuscript of the treatise (HagiaSofia/4855), first recognized in the science of Farabivology and included in the bibliographic index of the works of the Second Teacher in the middle of the 20th century (1951). The topic, structure and content of the treatise are defined.

The religious views of Abu Nasr al-Farabi take their place among the diverse theoretical teachings of al-Farabi, who studied many fields of science from philosophy and logic. One aspect of the worldview of a thinker who lived in the famous medieval period lies in the ancient scientific tradition, but, on the other hand, the sciences of religion, such as the Koran, prophecies, Muslim law, which appeared in the Golden Age (Muslim Renaissance), had a great influence on his views.

The various development by a scientist of the content of the classification of sciences based by Aristotle in the Muslim East was directly related to the beginning of the formation of religion as a science, which was a main element of the spiritual culture of that time.

The treatise «*Min al asilati al-lamiati...*» which we took as the object of study, is based on the narratives written about the prophets and their life in the Quran. The article clarifies the views of Abu Nasr al-Farabi about the prophets and envoys sent by Allah, hadith and narratives about their lives, as well as historical events in the history of Islam and the verses of the Quran related to each event.

**Key words:** Abu Nasr al-Farabi, treatise «*Min al-asilati al-lamiati...*» prophet, messenger, Quranic ayats, Library Aya Sophia.